

"Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 622 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 98 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 18 наурызда № 6834 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 27.02.2018 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 622 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5446 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2009 ж. № 3, Қазақстан Республикасы Орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2009 ж., № 6, 345-құжатта (10-қосымшаға дейін қоса алғанда); 2009 ж., № 7, 345-құжатта (11-ден 54-қосымшаға дейін қоса алғанда); 2009 ж., № 8, 345-құжатта (55-тен 82-қосымшаға дейін қоса алғанда) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дербес шоттарды жүргізу ережелерінде:

58-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"салық органының шешімі.";

59-5, 59-6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"59-5. Салық төлеуші орналасқан орны бойынша салық органына Уақытша әкелінген тауарларды, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен әкету туралы міндеттемені және (немесе) Қайта өңдеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені (Қайта өңдеу өнімдерін әкелу туралы міндеттемені) ұсынған кезде салық төлеушінің жанама салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындауын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы міндеттемелердің негізінде бір уақытта:

1) салық төлеу мерзімін көрсете отырып, Есептеуге тізілімді:

тауарларды, көлік құралдарын кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелген кезде - тауарларды, көлік құралдарын әкелу күні;

кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеу үшін алыс-беріс шикізатын әкелген кезде - алыс-беріс шикізатын әкелу күні;

Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағына қайта өңдеу үшін алыс-беріс шикізатын әкелген кезде - алыс-беріс шикізатын әкелу күні;

2) Салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша тізілімді жасайды.

Бұл ретте салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша тізілімнің

7-бағанында:

Уақытша әкелінген тауарларды, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен әкету туралы міндеттемені тапсырған кезде:

Уақытша әкелінген тауарларды, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін тауарларды, көлік құралдарын уақытша әкелген күннен;

Қайта өңдеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені тапсырған кезде:

Қайта өңдеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін алыс-беріс шикізатын әкелген күннен салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту мерзімі көрсетіледі. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағынан қайта өңдеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына бұрын әкелген алыс-беріс шикізатының қайта өңдеу өнімдерін кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына одан әрі экспорттаған жағдайда, - Қайта өңдеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін, бұл ретте Есепке кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына тауарларды әкеткен кезде рәсімделген кедендік жүк декларациясының көшірмесі қоса беріледі;

Қайта өңдеу өнімдерін әкелу туралы міндеттемені тапсырған кезде:

Қайта өңдеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін алыс-беріс шикізатын әкеткен күннен салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту мерзімі көрсетіледі. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағынан қайта өңдеу үшін Қазақстан

Республикасының аумағына бұрын әкелген алыс-беріс шикізатының қайта өңдеу өнімдерін кеден одағына мүше мемлекеттің аумағында өткізген жағдайда, - тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін көрсетіледі. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағынан қайта өңдеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына бұрын әкелген алыс-беріс шикізатының қайта өңдеу өнімдерін кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына одан әрі экспорттаған жағдайда, - Қайта өңдеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін, бұл ретте салық органына тапсырылатын Есептің орнына кедендік жүк декларациясы табыс етіледі.

Егер уақытша әкелінген тауарларды әкету мерзім біткенге дейін салық төлеуші бұрын табыс еткен Уақытша әкелінген тауарларды, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен әкету туралы міндеттемені қайтарып алған және жаңа міндеттеме табыс еткен жағдайда, онда жанама салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындауына бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы міндеттемелердің негізінде бір уақытта:

1) Есептеуге арналған тізілімді;

2) Салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша тізілімді жасайды.

Есептеуге арналған тізілімде бұрын табыс еткен Уақытша әкелінген тауарларды, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен әкету туралы міндеттеменің негізінде есептелген салықтың сомасы "кемітуге" алу белгісімен, сондай-ақ жаңа міндеттеменің негізінде есептелген салықтың сомасы көрсетіледі.

Салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша тізілімде уақытша әкелінген тауарларды, көлік құралдарын әкету күні түзетіледі және есептелген салықтың (жаңа міндеттемеде салықтың сомасын өзгерткен кезде) сомасы көрсетіледі.

Есептеуге арналған тізілім мен Салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша тізілімді жасаған күннен бір жұмыс күнінен кешіктірмей есепке алуды жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға жіберіледі.

59-6. Есепке алуды жүргізуге жауапты лауазымды тұлға осы Ереженің 59-5-тармағында көрсетілген Есептеуге арналған тізілім мен Салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша тізілімді алған күні бір мезгілде "Есептелді" және "Салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша мәліметтер" бағандарына есептелген салықтың

сомаларын таратып жазады. Бұл ретте есептелген салықтың сомасы " Салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша мәліметтер" бағанында мынадай күндердің бірі басталғанға дейін көрсетіледі:

Уақытша әкелінген тауарларды, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен әкету туралы міндеттеме бойынша - Уақытша әкелінген тауарларды, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін. Салық төлеуші өзге тұлғаға уақытша әкелінген тауарларды, көлік құралдарын өткізу және (немесе) беру кезінде Тауарлар әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті және бұрын берілген міндеттемені қайтару табыс еткен жағдайда, салық төлеушінің жанама салықтар төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға оны табыс еткен күннен бір жұмыс күні ішінде есепке алуды жүргізетін жауапты лауазымды тұлғаға есептеуге Тізілімді жібереді , онда кемітілуге есептелген салық сомасын көрсетеді;

Қайта өңдеу өнімдерін әкету туралы міндеттеме бойынша:

кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеу өнімдерін әкелген кезде - Қайта өңдеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін. Алыс-беріс шикізатының қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында сатқан жағдайда - тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін көрсетіледі. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағынан қайта өңдеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына бұрын әкелген алыс-беріс шикізатының қайта өңдеу өнімдерін кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына одан әрі экспорттаған жағдайда - кедендік жүк декларациясының көшірмесін қоса бере отырып, Қайта өңдеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін табыс етіледі;

Қайта өңдеу өнімдерін әкелу туралы міндеттеме бойынша:

алыс-беріс шикізатын Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағына әкеткен кезде - Қайта өңдеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін. Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағына қайта өңдеу үшін бұрын әкетілген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдерін кеден одағына мүше мемлекеттің аумағында сатқан жағдайда - тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін. Алыс-беріс шикізатының

қайта өңдеу өнімдерін кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына одан әрі экспорттаған жағдайда - Қайта өңдеу өнімдерін әкелу туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін.";

59-7-тармақта:

"есептеуге Тізілімді" деген сөзден кейін "көрсетілген есептерді табыс ету үшін белгіленген күні төлеу мерзімімен" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші, үшінші, төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"уақытша әкелінген тауарларды (көлік құралдарын) әкеткен кезде - уақытша әкелінген тауарларды, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен әкету туралы Міндеттемені орындау туралы есепті табыс ету үшін белгіленген күн;

қайта өңдеу өнімдерін әкеткен кезде - қайта өңдеу өнімдерін әкету туралы Міндеттемені орындау туралы есепті табыс ету үшін белгіленген күн;

қайта өңдеу өнімдерін әкелген кезде - қайта өңдеу өнімдерін әкелу туралы Міндеттемені орындау туралы есепті табыс ету үшін белгіленген күн.";

82-тармақта:

"1) және 2) тармақшадарда" деген сөздер "1) - 3) тармақшаларда" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және (немесе) хабарламаға жасалған шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған жоғары тұрған салық қызметі органының шешімін алған сәттен бастап" деген сөздер алып тасталсын;

90-тармақта "жоғары тұрған салық қызметі органының немесе соттың қабылданған шешімінде" деген сөздер "салық қызметі органының немесе соттың шығарған шешімінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

91-тармақта "жоғары тұрған" деген сөздер алып тасталсын;

92-тармақта:

"жоғары тұрған орган" деген сөздер "орган" деген сөзбен ауыстырылсын;

"сотқа" деген сөз "сотта" деген сөзбен ауыстырылсын;

144-тармақтағы "бюджетке кедендік төлемдер мен салықтардың, өсімақылардың артық немесе қате төленген сомалары бар екендігі туралы растау" деген сөздер "бюджетке кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімақылардың артық (қате) төленген сомасы бар екендігін растау" деген сөздермен ауыстырылсын;

164-тармақтағы "Бюджетке артық төленген кеден төлемдері мен салықтардың, өсімақылардың бар екендігін растауды" деген сөздер "Бюджетке кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімақылардың артық (қате) төленген сомасы бар екендігін растауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

165-тармақта:

"Салық органынан Бюджетке артық төленген кеден төлемдері мен салықтардың, өсімақылардың бар екендігін растауды" деген сөздер "Бюджетке кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімақылардың артық (қате) төленген сомасы бар екендігін растауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кеден төлемдерінің, салықтардың және өсімақылардың артық төленген сомаларының бар екендігі туралы растау" деген сөздер "бюджетке кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімақылардың артық (қате) төленген сомасы бар екендігін растау" деген сөздермен ауыстырылсын;

199-тармақта "тексеруінің нәтижелеріне" деген сөздерден кейін "не болмаса Салық кодексінің 274-бабы 2-тармағында көзделген, салық міндеттемесін орындауы жауапты алғаннан кейін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 227-1-тармақпен толықтырылсын:

"227-1. Салық кодексінің 241-бабына сәйкес төлеуге жататын қосылған құн салығы есебіне жатқызу жолымен қайтаруды өткізуден кейін салық төлеушіге осы Ереженің 34-1-қосымшасына сәйкес грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша төленген, қосылған құн салығы есебіне жатқызуды өткізгені туралы растама беріледі.";

мынадай мазмұндағы 355-1-тармақпен толықтырылсын:

"355-1. Осы Ереженің мақсатында салық төлеушінің дербес шотында 0,50 теңгеден кем мөлшерде жинақталған өсімақы сомасы өсімақы бойынша берешек болып саналмайды.";

370-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Негізсіз есептелген салықтар, басқа да міндетті төлемдер мен өсімақыларды түзету жөніндегі жазбалар салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдар мен өсімақыларды есептеуге арналған тізілімнің негізінде жүргізіледі.";

379-тармақтағы "сәйкес" деген сөзден кейін ", сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға сәйкес шығарылған салық органының шешімі негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 380-2-тармақпен толықтырылсын:

"380-2. Қаулыны орындау мерзімінің аяқталуына байланысты орындалуы мүмкін емес айыппұл сомасын есептен шығару жөніндегі жазба алу белгісімен осы Ереженің 378-тармағында көрсетілген Тізілімнің негізінде дербес шоттың " Айыппұл (төмендетілді) төленді" бағанында жүргізіледі.";

383-тармақта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) "ҚҚС өтеу сомасы" - өткен салық кезеңдерінде қайтарылмаған сомаларды ескере отырып, бюджеттен қайтарылуға жататын ҚҚС сомасы;"

мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) 902101 "Әлеуметтік аударымдар" жолы бойынша – жолында мыналар толтырылады: "Нақты түсімдер" бағаны - әлеуметтік аударымдардың түсуі, "Бересі", "Артық төлеу" бағандары – тиісінше "Бересі", "Артық төлеу" бағандары - банкрот деп жарияланған, алайда олар бойынша конкурстық іс жүргізу аяқталмаған және сот оңалту рәсімін қолдану туралы ұйғарым қабылдаған салық төлеушілердің бересілері мен артық төлеулерін қоспағанда, есеп күнінде дербес шоттарда қалыптасқан міндетті зейнетақы жарналары бойынша бересі немесе артық төленген сома;"

осы бұйрыққа 2, 6, 10-қосымшаларға сәйкес тиісінше 2-1, 34-1, 52-1-қосымшалармен толықтырылсын;

Дербес шоттарды жүргізу ережелеріне 2, 6, 20, 33, 35, 37, 52-қосымшалар тиісінше осы бұйрыққа 1, 3, 4, 5, 7, 8, 9-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2011 жылғы 25 ақпандағы
№ 98 бұйрығына
1-қосымша
Дербес шоттарды жүргізу
ережелеріне 2-қосымша

БСК _____ бойынша

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН ДЕРБЕС ШОТ

Салық төлеушінің (салық агенті) аты-жөні _____

СТН _____ Заңды тұлғаның СТН-ы _____

Салық режимінің түрі _____

ҚҚС төлеуші ретінде есепке қою туралы куәлік нөмірі _____

ҚҚС төлеуші есебінен шығару күні: _____

(теңге)

					Салық және басқа да міндетті төлемдер есептер					
		Операцияның мазмұны	Банктік шоттан							

Ағымдағы күнтізбелік күннің күні	Операцияны жазған (енгізген) күн	және оның негізінде жазба (енгізу) жүргізілетін құжат	Төлеу мерзімі	есептен шығарған немесе ақшалай енгізген күні	Бюджетке төлемдерді есептеу күні	есептелді	азайтылды	төленді	қайтарылды	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

кестенің жалғасы:

Салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша есептер					Өсімақылар бойынша есептер							
Мерзімді өзгерту жөніндегі мәліметтер		есептер сальдосы (бересі -, асыра төлеу+)			Өсімақы есептелді (кемітілді) (+,-)		Өсімақы төленді (қайтарылды) (+,-)		асып кеткен ҚҚС*-ның қайтарылған сомасына қоса есептелген өсімақылардың сомасы		Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы Өтінішті табыс етпегені бойынша өсімақылардың сомасы**	
Салық (төлем) сомасы	салықты (төлем) өтеу кестесі	Барлығы	оның ішінде		өсімақы сомасы	кезең үшін				қ о с а есептелінген	төленд	
12	13	14	01.01.2009 ж. дейін	01.01.2009 ж. кейін								15

кестенің жалғасы:

Өсімақылар бойынша есептер					Айыппұлдар бойынша есептер					Қайтарымдарды шегере отырып жыл басынан енгізілді	есепке жатқыз және/ немесе қайтару жүргізу мерзімі бүзған үшін салық органы өсімақы есептел
Мерзімді өзгерту жөніндегі мәліметтер		Өсімақы сальдосы (+,-)	айыппұл есептелді (кемітілді) (+,-)	айыппұл төленді (қайтарылды) (+,-)	Мерзімді өзгерту жөніндегі мәліметтер		айыппұл сальдосы (+,-)	Айыппұлдар сомасы	айыппұлды өтеу кестесі		
өсімақы сомасы	өсімақыны өтеу кестесі				23	24				25	26

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2011 жылғы 25 ақпандағы
№ 98 бұйрығына

БСК _____ бойынша

ҚҚС-ның сомасын қайтару бойынша ДЕРБЕС ШОТ

Салық төлеушінің (салық агенті) аты-жөні _____
СТН _____ Заңды тұлғаның СТН-ы _____

Салық режимінің түрі _____

ҚҚС төлеуші ретінде есепке қою туралы куәлік нөмірі _____

ҚҚС төлеуші есебінен шығару күні: _____

Ағымдағы күнтізбелік күннің күні	Операцияны жазған (енгізген) күн	Операцияның мазмұны және оның негізінде жазба (енгізу) жүргізілетін құжат	Төлеу мерзімі	Банктік шоттан есептен шығарған немесе ақшалай енгізген күні	Бюджетке төлемдерді есептеу күні	Қайтаруға расталмаған және бюджеттен қосымасы бойынша есептер			
						қайтару расталмаған ҚҚС-ның асып кеткен сомасы және бұрын бюджеттен қайтарылған өсімақылар	азайтылды	аударылды	қайтар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы:

Өсімақы бойынша есептер							Қайтарымдарды шегере отырып жыл басынан енгізілді
асып кеткен ҚҚС-ның қайтарылған сомасына салықты тексерудің нәтижелері бойынша қоса есептелген өсімпұлдардың сомасы	Өсімақы есептелді (кемітілді) (+,-)		Өсімақы төленді (қайтарылды) (+, -)	Мерзімді өзгерту жөніндегі мәліметтер		Өсімақы сальдосы (+,-)	
	өсімақы сомасы	кезең үшін		өсімақы сомасы	өсімақыны өтеу кестесі		
14	15	16	17	18	19	20	21

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2011 жылғы 25 ақпандағы
№ 98 бұйрығына
3-қосымша
Дербес шоттарды жүргізу
ережелеріне 6-қосымша

Салық органдарында есеп жүргізілетін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы

**жарналарының, әлеуметтік аударымдардың
ТІЗБЕСІ**

Санат	Сынып	Шағын сынып	Ерекшелік	Салық (төлем) атауы	Есеп жүргізілетін Нысандар атауы
1	2	3	4	5	6
1				САЛЫҚ ТҮСІМДЕР	
1	01	1		Корпорациялық табыс салығы	№ 25. н Тізілімі және № 1,3 н дербес шот
1	01	2		Жеке табыс салығы	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	03	1		Әлеуметтік салық	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	04	1		Мүлікке салынатын салықтар	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	04	3		Жер салығы	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	04	4		Көлік құралдарына салынатын салық	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	04	5	01	Бірыңғай жер салығы	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	
1	05	1		Қосылған құн салығы	№ 25. н Тізілімі және № 2, 2-1. н дербес шот
1	05	2		Акциздер	№ 25. н Тізілімі және

					№ 1. н дербес шот
1	05	3		Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	
1	05	3	01	Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланыс көрсеткені үшін төлем	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	02	Үстеме пайда салығы, мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің басқа	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	03	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	04	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	05	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің басқа, бонустар	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	06	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің басқа, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	07	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, экспортқа салынатын рента салығы	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	08	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді басқа жасалған келісімшарттар бойынша, өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	09	Радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлем	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот

1	05	3	10	Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	11	Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	12	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, қызметін өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	13	Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	14	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	15	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	№ 25. н Тізілімі және № 1. н. дербес шот
1	05	3	16	Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы	№ 25. н Тізілімі және № 1. н. дербес шот
1	05	3	19	Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер	№ 25. н Тізілімі және № 1. н. дербес шот
1	05	3	22	Мұнай секторы ұйымдарынан алынатын үстеме пайдаға салынатын салық	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	25	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін бонустар	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот

1	05	3	26	Мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	27	Мұнай секторы ұйымдарынан салынатын экспортқа рента салығы	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	28	Мұнай секторы ұйымдарынан жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	3	29	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін қызметін өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі	№ 25. н Тізілімі және № 1. н дербес шот
1	05	4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	
1	05	4	01	Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым	№ 25. н Тізілімі
1	05	4	02	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым	№ 25. н Тізілімі
1	05	4	03	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	№ 25. н Тізілімі
1	05	4	04	Аукциондардан алынатын алым	№ 25. н Тізілімі және № 1 дербес шот
1	05	4	05	Жылжымалы мүлікті кепілдікке салуды мемлекеттік тіркегені және кемең немесе жасалып жатқан кемең ипотекасы үшін алынатын алым	№ 25. н Тізілімі
1	05	4	06	Жергілікті маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары мен автокөлік құралдарының өтуіне алымнан басқа, автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өткені үшін алынатын алым	№ 25. н Тізілімі
1	05	4	10	Жергілікті маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүргені үшін алынатын алым	№ 25. н Тізілімі
1	05	4	12	Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті қондырғыларды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым	№ 25. н Тізілімі
1	05	4	13	Телевизиялық және радио хабарын тарататын ұйымдарға радиожілік өрісін пайдалануға рұқсат бергені үшін алынатын алым	№ 25. н Тізілімі
1	05	4	14	Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	№ 25. н Тізілімі

1	05	4	16	Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	№ 25. н Тізілімі
1	05	4	18	Жылжымайтын мүлікке және олармен мәміле жасау құқығын мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	№ 25. н Тізілімі
1	05	4	19	Республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем	№ 25. н Тізілімі және № 1 дербес шот
1	05	4	20	Жергілікті маңызы бар және елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлу жолағында сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін алынатын төлем	№ 25. н Тізілімі және № 1 дербес шот
1	05	4	21	Туындылар мен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды, туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық шарттарды мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	№ 25. н Тізілімі
1	05	4	23	Бұқаралық ақпарат құралын мемлекеттік тіркегені үшін (есепке алғаны үшін) алым	№ 25. н Тізілімі
1	05			Құмар ойын бизнеске салық	№ 25. н Тізілімі
1	05	5	01	Құмар ойын бизнеске салық	№ 25. н Тізілімі және № 1 дербес шот
1	05	5	02	Тіркелген салық	№ 25. н Тізілімі және № 1 дербес шот
1	06			Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	
1	06	1		Кеден төлемдері	
1	06	1	01	Кеден бажының бірыңғай ставкасын қолданумен жеке тұлғалардан өндіріп алынатын әкелінетін тауарларға салынатын кеден баждарын қоспағанда, әкелінетін тауарларға салынатын кеден баждары	№ 25. н Тізілімі
1	06	1	02	Әкетілетін тауарларға салынатын кедендік баждар	№ 25. н Тізілімі
1	06	1	03	Әкелінетін тауарлардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген кедендік баждар	№ 25. н Тізілімі
1	06	1	05	Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден аумағына оңайлатылған тәртіппен әкелінетін тауарларға жиынтық кедендік төлем	№ 25. н Тізілімі
1	06	2		Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар	
1	06	2	01	Кедендік бақылауды және кедендік рәсімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдер	№ 25. н Тізілімі

1	06	2	02	Отандық тауар өндірушілерді қорғау шаралары ретінде алынатын баждар	№ 25. н Тізілімі
1	06	2	03	Әкелінетін тауарлардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген, кедендік бақылауды және кедендік рәсімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдер	№ 25. н Тізілімі
1	06	2	04	Әкелінетін тауарлардың кедендік құнына тәуелсіз сараптама жүргізу нәтижесінде жете есептелген, отандық тауар өндірушілерді қорғау шаралары ретінде алынатын баждар	№ 25. н Тізілімі
1	07	1		Басқа да салықтар	
1	07	1	09	Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	№ 25. н Тізілімі және № 1 дербес шот
1	07	1	10	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	№ 25. н Тізілімі және № 1 дербес шот
1	08			Заңдық мәнді іс - әрекеттерді жасағаны үшін және немесе оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	
1	08	1		Мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	01	Консулдық алым	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	02	Мемлекеттік мекемелерге сотқа берілетін талап арыздарынан алынатын мемлекеттік бажды қоспағанда, мемлекеттік баж сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше талап ету істері арыздарынан, ерекше жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы өтініштерден; атқару парағының дубликатын беру туралы шағымдардан, аралық (төрелік) соттардың және шетелдік соттардың шешімдердің мәжбүрлеп орындауға атқару парағын беру туралы шағымдардың, сот актілерінің атқару парағының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайта беру туралы шағымдардан алынады	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	03	Нотариаттық іс-қимылдар жасағаны үшін, мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	04	Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайтадан бергені үшін мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
				Шетелге баруға және Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін	

1	08	1	05	құжаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	06	Шетелдіктердің паспорттарына немесе оларды ауыстыратын құжаттарына Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу құқығына виза бергені үшін мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	07	Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	08	Тұрғылықты жерін тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	09	Аңшы куәлігін бергені және оны жыл сайын тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	10	Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұңғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған аэрозольді және басқа құрылғыларды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын пневматикалық қаруды қоспағанда және калибрі 4,5 мм-ге дейінгілерін қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	11	Жеке басты куәландыратын құжаттарды бергені үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	12	Қаруды және оның оқтарын сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат бергені үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	13	Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың апостиль қойғаны үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	14	Жүргізуші куәлігін бергені үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	15	Механикалық көлік құралдарына мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	16	Мемлекеттік тіркеу нөмір белгілерінің берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	17	Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен бекіре балығын, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге рұқсат берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	18	Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның заңды мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	19	Мемлекеттік мекемелерге сотқа берілетін талап арыздардан алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі

1	08	1	20	Механикалық көлік құралдары мен прицеппердің техникалық қараудан өту куәліктерін бергені үшін алынатын мемлекеттік баж.	№ 25. н Тізілімі
1	08	1	21	Тракторшы-машинистің куәлігі берілгені үшін алынатын мемлекеттік баж	№ 25. н Тізілімі
2				САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	
2	01			Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	
2	01	1		Мемлекеттік кәсіпорынның таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	
2	01	1	01	Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері	№ 25. н Тізілімі
2	01	1	02	Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері	№ 25. н Тізілімі
2	01	2		Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза табысы бөлігінің түсімдері	
2	01	2	01	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза табысы бөлігінің түсімдері	№ 25. н Тізілімі
2	01	3		Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер	
2	01	3	01	Республика меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер	№ 25. н Тізілімі
2	01	3	02	Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер	№ 25. н Тізілімі
2	01	4		Мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер	
2	01	4	01	Республика меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне Кірістер	№ 25. н Тізілімі
2	01	4	02	Коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер	№ 25. н Тізілімі
2	01	5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға алудан түсетін кірістер	
2	01	5	01	Республика меншігіндегі мүлікті жалға алудан түсетін кірістер	№ 25. н Тізілімі
2	01	5	02	Әскери полигондарды пайдаланғаны үшін жалгерлік төлемнен түсетін түсімдер	№ 25. н Тізілімі
2	01	5	03	"Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін жалгерлік төлемнен түсетін түсімдер	№ 25. н Тізілімі
2	01	5	04	Коммуналдық меншіктегі мүлікті жалдаудан түсетін кірістер	№ 25. н Тізілімі
2	01	5	05	Коммуналдық меншіктегі тұрғын үй қорынан үйлерді жалдаудан түсетін кірістер	№ 25. н Тізілімі
2	01	6		Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	6	01	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіндегі депозиттері бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	6	02	Депозиттерге уақытша бос бюджеттік ақшаны орналастырудан алынған сыйақылар	№ 25. н Тізілімі

2	01	6	03	Екінші деңгейдегі банктер шоттарында мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатын орналастырғаны үшін сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	01	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына ішкі көздер есебінен республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	02	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына үкіметтік сыртқы қарыздар қаражаты есебінен республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	03	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	04	Қарыз алушы банктерге ішкі көздер есебінен республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	05	Қарыз алушы банктерге үкіметтік сыртқы қарыздар қаражаты есебінен республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	06	Қарыз алушы банктерге жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	07	Қаржы агенттіктеріне ішкі көздер есебінен республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	08	Қаржы агенттіктеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	09	Заңды тұлғаларға ішкі көздер есебінен республикалық бюджеттен 2005 жылға дейін берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	10	Заңды тұлғаларға үкіметтік сыртқы қарыздар қаражаты есебінен республикалық бюджеттен 2005 жылға дейін берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	11	Заңды тұлғаларға жергілікті бюджеттен 2005 жылға дейін берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	12	Жеке тұлғаларға республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	14	Шетелдік мемлекеттерге берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	7	15	Мемлекеттік кепілдіктер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі төлеген талаптар бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі

2	01	7	16	Қаржы агенттіктеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен жергілікті бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	№ 25. н Тізілімі
2	01	9		Мемлекеттік меншіктен түсетін өзге де кірістер	№ 25. н Тізілімі
2	01	9	01	Ауыл шаруашылық және орман алқаптарын ауыл және орман шаруашылықтарын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін алған кезде ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірістерінің зияндарын өтеуден түсетін түсімдер	№ 25. н Тізілімі
2	01	9	03	Жер қойнауы туралы ақпаратты пайдалануға берілгені үшін ақы	№ 25. н Тізілімі
2	01	9	04	Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша өткізілетін мемлекеттік лотереялардан түсетін кірістердің түсімі	№ 25. н Тізілімі
2	01	9	05	Қару-жаракты және әскери техниканы сатудан түсетін кірістер	№ 25. н Тізілімі
2	01	9	06	Тәркіленген мүлікті, белгіленген тәртіппен республикалық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, оның ішінде кедендік бас тарту режимінде мемлекеттің пайдасына ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын сатудан түсетін түсімдер	№ 25. н Тізілімі
2	01	9	07	Иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, қадағалаусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті сатудан алынатын түсімдер	№ 25. н Тізілімі
2	01	9	08	Ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сатып алынған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардан түсетін сыйақылар(мүдделер)	№ 25. н Тізілімі
